



ОБЛЫС ӘКІМІ – АУДАНДА

БАРЛЫҚ ЖОБА БАҚЫЛАУДА

Өткен жұмада облыс әкімі Болат Ақшұлақов арнайы іссапармен ауданға келіп, жасалып жатқан әлеуметтік және инженерлік құрылыс нысандарының жұмыс барысымен танысты.

Бауыржан СИСЕНОВ,
Бауыржан БЕРДІҒАЛИЕВ,
суреттерді түсірген автор

Сылтаумен жұмыс бітпейді

Елімізде теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі республикалық бағдарлама аясында 100-ден астам теміржол вокзалы жаңартылып жатыр. Соның ішінде Сағыз стансасындағы теміржол вокзалы қайтадан салынып, пайдалануға берілсе Жамансор және Мұқыр стансасындағы теміржол вокзалы қайта жаңғыртылу үстінде. Екеуі де 1976 жылы салынып, пайдалануға берілген. Жоба «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамымен бірге іске асырылуда. Екі жобаны да жүзеге асырып жатқан мердігер мекеме — «Алаш Контрактшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жамансор стансасы арқылы төрт бағыт бойынша пойыздар жүреді, ай сайынғы жолаушылар ағыны шамамен 100 адамды құрайды. Ал Мұқыр вокзалынан алты бағытқа қатынайтын пойыздарға күніне 50-ге жуық жолаушы мінеді. Екі жоба да қыркүйекке дейін бітіп, тапсырылуы керек. Алайда жұмыс өте баяу. Жамансор вокзалының қабырғасы қаланып, төбесі жабылса, Мұқыр вокзалының тек қабырғасы ғана қаланған. Әлі жасалатын қыруар жұмыс бар. Жұмыстың неге баяу жүріп жатқанын сұраған облыс әкіміне құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекеме басшылары түрлі сылтау айтып, ақталды. Олардың жауаптарына қанағаттанбаған аймақ басшысы:

— Жұмыс жасайтын адам мәселенің шешу жолдарын іздейді, ал жасамайтын адам түрлі сылтау айтады. Айтуларыңа қарағанда қаржы бар, қажетті материалдардың да жеткілікті. Жұмыс жасауға ешқандай кедергі болмаса да жасалып жатқан жұмыс жоқ. Өйткені жұмыс жасайтын адам аз. Сондықтан жұмыс күшін көбейтіп, екі ауысымда жұмыс жасау қажет. Қалай болғанда да 1 қыркүйекке дейін екі вокзалдың құрылысын бітіріп, тапсырасындар. Ал егер мерзімді уақытта бітпесе, болашақта жұмыс берілмейді, - деген талап қойды. Ал аудан әкіміне екі вокзалдағы жұмыс барысын жеке бақылауға алып, үш күн сайын оның орындалысы жөнінде есеп беріп отыруды тапсырды.

Жаңа оқу жылында — жаңа мектеп

Бұдан кейін облыс әкімі Жамансор елді мекенінде салынып жатқан 80 орындық негізгі мектеп пен 30 орындық жатақхана құрылысын көзбен көрді. Бұған дейін ауыл балалары 60 орынға бейімделген бастауыш мектепте оқып келген. Бастауыш мектептен соң олар Мұқыр орта мектебіне, Мақат ауданының Доссор кентінде орналасқан С.Шәріпов атындағы мектеп-интернатта оқиды. Тіпті Атырау қаласындағы



туысқандарының үйлерінде жатып оқитындар да бар. Екі қабатты мектеп ғимаратының жанына салынған бір қабатты интернат толық жабдықталған. Жаңа мектептегі барлық сынып заманауи үлгіде жасақталған. Оқу сыныптарынан бөлек асхана, кітапхана, шеберхана, спорт және акт залы бар. Мектеп ауласында волейбол, баскетбол, футбол және балалар ойын алаңдары, жаттығу

сзор ауылынан және көршілес елді мекендерден келеді. Жалпы мектепте барлығы 140-қа жуық оқушы оқиды. Жаңа мектеп балаларға тұрғылықты жерінен заманауи білім беру инфрақұрылымына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мектеп ішінде облыс әкіміне жолыққан ауыл тұрғындары «Оқу жылы таяу, мектеп құрылысы бітіп тұр. Ал тұрғындар балаларының құжаттарын қайда тапсы-

тапсырдым. Жаңа оқу жылында мектепті ашуды жоспарлап отырмыз, - деді.

Уақытылы біту керек

Облыс әкімі Болат Ақшұлақов бұдан кейін Мұқыр ауылында салынып жатқан 400 орындық мәдениет үйіне ат басын бұрды. 2017 жылы



құрылғылары орналасқан.

Облыстық білім басқармасының басшысы Марат Әбуовтің айтуынша, бүгінгі күні мектеп пен интернаттың құрылысы толық аяқталды. Қазіргі таңда зертханалық тексеру, лицензия алу жұмыстары жүргізілуде. Ауылдағы бастауыш мектепте (шағын топ, мектепалды даярлық сыныбы) барлығы 65 оқушы болса, 5-сынып және 9-сыныпқа оқушылар Атырау қаласынан, Мақат және До-

рарын білмей өлек. Егер мектеп өзін ашылмаса онда құжаттарды бұрынғы оқыған жерлеріне тапсыруды көздеп отыр. Сондықтан мектеп жаңа оқу жылына ашылса игі» деген тілектерін білдірді.

Оларға жауап берген аймақ басшысы:

— Мектептің толық бітіп тұрғанын көріп отырсыздар. Қазір құжаттарын дайындау, қабылдау жұмыстары жүріп жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды сабақ басталғанша ұйымдастыруды

басталған аталмыш мәдениет үйінің құрылысы мердігер мекеменің жауапсыздығынан бітпей жүрген «сақалды құрылыс» болатын. Соңында мердігер мекемемен арадағы келісім шарт бір жақты бұзылып, қайта жарияланған конкурс нәтижесінде «Жиенбай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмысын жалғастырған еді.

Қазіргі таңда құрылыс нысанының 80 пайызы бітіп қалған. Жаңа ғимаратта 400 орындық көрермен залы, әкімшілік кабинеттер мен үйірмелерге арналған бөлмелер бар. Хореография залы мен кітапхана негізгі ғимараттан бөлек салынған. Мердігер мекеме өкілінің айтуынша, ғимараттың ішкі және сыртқы есіктерін қондыру, басқа да ішкі жұмыстар бар. Көрермен орындығы, LED экран және қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс берілді. Алайда қаржының бөлінбеуіне байланысты бұл жұмыстар уақытша тоқтап тұр. Тиісті қаржы бөлінсе құрылысты мерзімінде аяқтауды жоспарлап отыр.

Мүмкіндігіне қарай қаржы бөлуді қарастыратынын қаперге берген аймақ басшысы жұмысты ыждағаттап, ғимаратты белгіленген мерзімде және сапалы түрде пайдалануға беру қажеттігін жеткізді.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)



БӘРЕКЕЛДІ!

ЕРСІННІҢ ЕНШІСІНДЕ – ЕКІНШІ ОРЫН

Орал қаласында сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының IV Спартакиадасы өтті. Бұл сында сурдо дзюдо спорты бойынша облыс намысын қорғаған жерлесіміз Ерсін Болат өз мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. 66 келіде бақ сынаған ол алғашқы белдесулерінде Ақтөбе, Қарағанды, Түркістан облыстарының балуандарын таза жеңіп, ақтық айқасқа шықты.

Дулат МӘТЖАН

Финалда ақтаулық балуанмен кездесіп, тартысты өткен белдесудің соңғы сәтінде ғана қарсыласына жол беріп қойды. Сөйтіп байрақты бәсекенің екінші орынын еншілеген Ерсін өзінің кезекті жүлдесіне қол жеткізді.

Былыр Жапония астанасы Токио қаласында өткен сурдлимпиадада ел құрамасымен бірге жеңімпаз болған ол араға жарты жылдай уақыт салып, татамиге қайта оралып отыр. Енді ол қайтадан жасақталған ел құрамасының сапында оқу-жаттығу жиындарына қатысып, алда өтетін дүбірлі додаларға дайындықты бастайтын болады.



ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ҚҰҚЫҚ

Құқықтық мемлекет құрудың басты қағидаттарының бірі – әрбір азаматтың өз құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауына жағдай жасау. Өйткені адамның құқықтары мен бостандықтарының нақты қорғалуы қоғамдағы әділеттіліктің, заң үстемдігінің және мемлекетке деген сенімнің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып, адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп жариялаған. Осы қағидаттың заңды жалғасы ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында өркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және заңда көзделген жағдайларда білікті заң көмегін алу құқығы бекітілген.

КӘСІБИ ЗАҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІН!



Қазіргі қоғамда азаматтар күнделікті өмірде әртүрлі құқықтық мәселелерге тап болады. Бірі алимент өндіру мәселесімен жүгінсе, енді бірі мұрагерлік құқықтарын рәсімдей алмайды, үшіншісі еңбек дауына немесе тұрғын үй мәселесіне байланысты құқықтық кеңеске мұқтаж болады. Кей жағдайларда азаматтар өз құқықтарын білмегендіктен немесе заң талаптарын толық түсінбегендіктен оларды қорғаудың тиімді жолдарын пайдалана алмай жатады.

Осындай жағдайларда мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды тетігі ретінде ерекше рөл атқарады. Оның басты мақсаты — халықтың әлеуметтік жағдайына қарамастан әрбір азаматтың сапалы заң көмегіне қол жеткізуін қамтамасыз ету, құқықтарының бұзылуына жол бермеу және заңмен қорғалатын мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік жасау.

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 21-бабы 2-тармағына сәйкес заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Мемлекет жүргізіп отырған құқықтық саясат азаматтардың құқықтық қорғау деңгейін арттыруға, заң көмегінің сапасын жақсартуға және оның қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған.

Соңғы жылдары бұл салада ауқымды өзгерістер жүзеге асырылды. Заңнама жетілдіріліп, білікті заң көмегін көрсетудің жаңа тетіктері енгізілді, қызмет көрсету процесі кезең-кезеңімен цифрландырылды. Мұның барлығы халыққа көрсетілетін құқықтық көмектің сапасын арттыруға, оның ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі — бұл жай ғана тегін құқықтық кеңес емес. Бұл — азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруға, заңды мүдделерін қорғауға және әділ сот төрелігіне қол жеткізуіне мүмкіндік беретін маңызды құқықтық кепілдік. Сондықтан мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегінің мазмұнын, оны алу тәртібін, кімдердің мұндай көмекке құқығы бар екенін және заңда көзделген мүмкіндіктерді білу әрбір азамат үшін маңызды.

Құқықтық мемлекетте заң көмегінің қолжетімді болуы — азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды кепілі. Осы мақсатта елімізде мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі жүйесі қалыптастырылған.

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі — заңда белгіленген жағдайларда жеке тұлғаларға мемлекет қаражаты есебінен тегін көрсетілетін кәсіби заң көмегі. Бұл жүйенің басты мақсаты — азаматтардың әлеуметтік жағдайына қарамастан олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға мүмкіндік жасау.

Көп жағдайда азаматтар заң көмегін тек сотта адвокаттың қатысуымен байланыстырады. Алайда бұл түсінік толық емес. Мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі ең алдымен құқықтық мәселенің алдын алуға, азаматқа заң талаптарын түсіндіруше және дауды сотқа жеткізбей шешуге бағытталған. Сондықтан білікті заң көмегі тек сотта өкілдік етумен шектелмейді. Ол құқықтық ақпарат беруді, құқықтық консультация ұсынуды, құжаттарды заң талап-

тарына сәйкес рәсімдеуді, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін соттарда және өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды қамтиды.

Заңда мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегін көрсететін субъектілер нақты айқындалған. Ең алдымен, мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде азаматтарға құқықтық ақпарат береді. Азаматтардың заңнама талаптарын түсінуіне, мемлекеттік қызметтерді алу тәртібіне, құқықтары мен міндеттеріне қатысты түсіндіру жұмыстары осы бағыттағы негізгі қызметтердің бірі болып табылады.

Ал құқықтық консультация беру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және білдіру қызметін адвокаттар мен заң консультанттары жүзеге асырады. Заңда көзделген жағдайларда нотариустар мен жеке сот орындаушылары да өз құзыреті шегінде мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегін көрсетеді. Бұл жүйенің ерекшелігі — бірнеше құқықтық институттың өзара үйлесімді жұмыс істеуі. Соның нәтижесінде азаматтар өздеріне қажетті құқықтық көмекті мәселенің сипатына қарай тиісті маманнан ала алады.

Бүгінгі күні құқықтық қатынастардың күрделене түсуіне байланысты азаматтардың кәсіби заң көмегіне деген қажеттілігі артып келеді. Әсіресе әлеуметтік жағынан осал топтар үшін білікті заң көмегінің қолжетімді болуы ерекше маңызды.

Тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың басым бөлігі заң талаптарын білмеудің салдарынан өз құқықтарын толық пайдалана алмайды немесе оларды қорғау мүмкіндігін жіберіп алады. Кейде мәселені шешу үшін қарапайым құқықтық түсіндірудің өзі жеткілікті болса, кей жағдайда кәсіби заң кеңесі даудың сотқа дейін шешілуіне ықпал етеді. Сондықтан мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі тек азаматтардың құқықтарын қорғау құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастырудың, заңға құрметті арттырудың және құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді тетігі болып табылады.

Мемлекет тарапынан бұл жүйені жетілдіруге тұрақты түрде көңіл бөлінуде. Заңнама жаңартылып, қызмет көрсету тәртібі оңтайландырылып, цифрлық шешімдер енгізілуде. Мұның барлығы халыққа көрсетілетін заң көмегінің сапасын арттыруға және оның барынша қолжетімді болуына бағытталған.

Көпшілік арасында «Тегін заң көмегі тек сотта ғана беріледі» немесе «Оны тек әлеуметтік жағдайы өте төмен адамдар ғана ала алады» деген қате пікір қалыптасқан. Шын мәнінде, заңда мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегін алуға құқығы бар азаматтардың нақты санаттары белгіленген және олардың құқықтары мемлекет тарапынан қорғалады.

Мәселен, жас ана алимент өндіру мәселесі бойынша сотқа жүгінгісі келеді делік. Алайда заң талаптарын білмегендіктен қай органға жүгіну керектігін, қандай құжаттарды дайындау қажет екенін немесе талап қоюды қалай рәсімдеу керектігін білмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда ол мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегіне жүгіне алады. Сол сияқты, өндірісте еңбек міндеттерін атқару кезінде денсаулығына зиян келген азамат немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарынан зардап шеккен тұлға өзіне келтірілген зиянды өндіру мәселесінде кәсіби заң көмегіне мұқтаж болады. Осындай жағдайларда да заң азаматтарға мемлекет есебінен білікті заң көмегін алу құқығын береді. Сонымен қатар заңда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмелетке толмағандардың, сексуалдық зорлық-зомбылықтың,

адам саудасының немесе терроризм актілерінің құрбандарының құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінген. Бұл санаттағы азаматтардың құқықтары заңмен қорғалып, оларға тегін білікті заң көмегі көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ мәселелер бойынша бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, жасына байланысты зейнеткерлер, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңестірілген адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді әскери қызметшілер, көпбалалы отбасылар, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен азаматтар да заңда белгіленген тәртіппен мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегін ала алады. Бұл санаттардың барлығы заңмен нақты айқындалған.

Көптеген азамат заң көмегін тек сот процесімен байланыстырады. Алайда тәжірибе көрсеткендей, даулардың басым бөлігін сотқа жеткізбей-ақ шешуге болады. Мысалы, азаматқа мемлекеттік органның әрекетіне шағым беру тәртібін түсіндіру, мұраны қабылдау мерзімі туралы кеңес беру, еңбек шартының талаптарын түсіндіру немесе тұрғын үйге қатысты құқықтарын түсіндіру жеткілікті болуы мүмкін. Уақытында алынған кәсіби құқықтық кеңес азаматты артық шығыннан, уақыт жоғалтудан және ұзаққа созылатын сот дауларынан сақтайды. Сондықтан мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегінің негізгі міндеттерінің бірі — құқықтық даулардың алдын алу және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

«Заңды білмеу жауаптылықтан босатпайды» деген қағида бәрімізге белгілі. Бірақ заңды білу тек жауапкершіліктен құтылу үшін емес, ең алдымен өз құқықтарыңды қорғау үшін қажет. Өкінішке қарай, азаматтар кейде өздеріне заңмен берілген құқықтарды пайдаланбайды немесе құқықтарының бұзылғанын кеш түсінеді. Соның салдарынан көптеген мәселе уақытында шешілмей, сотқа дейін ұшығып кетеді. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін мемлекет құқықтық ағарту жұмыстарына ерекше көңіл бөліп келеді. Себебі құқықтық сауаты жоғары азамат өз міндеттерін де, құқықтарын да жақсы біледі, мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста заң талаптарын сақтайды және құқықтық мәселелерді өркениетті жолмен шешуге ұмтылады.

Осы бағытта Атырау облысы Әділет департаменті халық арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Облыстың қала және аудан тұрғындары үшін құқықтық қабылдаулар, көшпелі кездесулер, «Әділет кеңес береді» акциялары, Ашық есік күндері, семинарлар мен кездесулер тарақтары түрде ұйымдастырылып азаматтарға мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегін алу тәртібі жан-жақты түсіндіріледі.

Құқықтық мемлекет құру тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл — әрбір азаматтың заңға құрметпен қарауынан, өз құқықтары мен міндеттерін білуінен және заң талаптарын сақтаудан басталады. Ал мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі — осы мақсатқа жетудің маңызды тетіктерінің бірі. Сондықтан әрбір азамат заңмен берілген мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, қажет болған жағдайда кәсіби заң көмегіне жүгінгені жөн.

Мұхаммедқасым САМҒАЛИЕВ,
Құқықтық түсіндіру жұмысы және Заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы

Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1-бабының 1-тармағы 1) тармақшасы және 2-тармағына сәйкес Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2026 жылғы 27 қыркүйекке Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.

Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылғы 27 қыркүйекке тағайындалған Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылдық округі әкімінің сайлауын өзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілсін.

Осы қаулы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын және Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

**Төраға
Хатшы**

**М.МҰҚАНОВ
Е.ОЛЖАБАЕВ**

*Миялы ауылы
19.08.2026 ж. №12*

Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 3-тармағына, 22-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылдық округінің шекарасында Мұқыр ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округі құрылсын.

2. Сайлау округінің тізімі мен шекарасы және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіліп жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын және Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

**Төраға
Хатшы**

**М.МҰҚАНОВ
Е.ОЛЖАБАЕВ**

*Миялы ауылы
19.08.2026 ж. №11*

Хабарландыру

«Сағиз Петролеум Компани» ЖШС Атырау облысының Қызылқоға ауданында орналасқан объектілердің жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр:

- 2026 — 2035 жылдарға Қарашқаған кен орны көздерінен атмосфераға шығарылатын ластанушы заттардың жол берілетін шығарыңдылары нормативтері жобасы;
- 2026 — 2035 жылдарға Жартөбе кен орны көздерінен атмосфераға шығарылатын ластанушы заттардың жол берілетін шығарыңдылары нормативтері жобасы;
- 2026 — 2035 жылдарға Солтүстік Орысқаған кен орны көздерінен атмосфераға шығарылатын ластанушы заттардың жол берілетін шығарыңдылары нормативтері жобасы;
- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
- Қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

Әсер ету аумағы: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы. Географиялық координаттары: 47°52'27,26" с.е. 54°19'34,99" ш.б.

Қоғамдық тыңдау келесі мекен-жай бойынша: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр а.о., Мұқыр а., М. Зұлқанов көшесі, 11, 2026 жылы 29 қыркүйек сағат 15.00 өтеді.

Өкілі: Бижанов А.З. тел.: 87719089999.

Сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/86173735377?pwd=JzJEVnMgoacqp0qVLb9GnqkCHrwHcMn.1

Конференция идентификаторы: 861 7373 5377 Құпия сөз: NBqhU6

4. Көзделіп отырған қызметтің операторы: . «Сағиз Петролеум Компани» ЖШС, мекен-жайы: Ақтөбе қ., Сәңкібай батыр д., 167 В тел. 8 (7132) 410420. Электрондық пошта: doc@spc.kz.

Жобаны өзірлеуші: «Asia consult» ЖШС Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр д., 1/оф.321.320. e-mail: asiaconsult@bk.ru. моб. тел.: 87719089999.

Жобаар www.ndbecology.gov.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru сайтында орналастырылған.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратпен мына нөмір бойынша танысуға болады: моб. тел.: 87719089999.

Ескертулер мен ұсыныстар: www.ndbecology.gov.kz сілтемесі бойынша, сондай-ақ электрондық пошта арқылы қабылданады: atr.priroda@atyrau.gov.kz

ЕРЛІК ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСЫН!

Құрметті отандастар, ардақты ағайын!

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі — еліміздегі екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында хабар-ошарсыз кеткендерді іздеумен және архивтік, соғалық зерттеулермен айналысатын бірден-бір ұйым. Біз соғыс жылдары жоғалып кеткендерді іздеу, жауынгерлік жолды анықтау бойынша өтініштер қабылдаймыз.

Соңғы уақыт ішінде бізге 12 мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде 4500-ден астамы орындалды. Ай сайын орта есеппен 50-ге жуық өтінішті қарастырамыз.

Егер сіз де соғыс жылдарында жоғалып кеткен туыстарыңызды іздесеңіз, төменде көрсетілген байланыс нөмірлері немесе арнайы құрылған сайт сілтемесі арқылы өтініш бере аласыз. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде парақшаларымыз бар — онда біз ұйымымыздың қызметі мен барлық іс-шарамызды жариялап отырамыз. Жаңалықтардан хабардар болу үшін жазылуларыңызға болады. Барлық парақша сілтемелері төменде көрсетілген.

Біздің ұйым ақысыз жұмыс істейді. Батыр аталарымыз бен ағаларымыздың ерлігі ескерусіз қалмауы үшін, бейбіт өмір сыйлаған боздақтарды табу жолында қолдан келгеннің бәрін жасаймыз!

Өтініш қабылдаушылар:

Марфуза Сулейменова, + 7-776-828-45-34 ватсап;

Сағымбаева Алия Нурпаевна 8-701-999-78-20,

ватсап; тел: 8-776 — 828-45-34.

Өтінішті осы жерде беріңіз

- өтінішті ata-amanaty.kz сайтында қалдыра аласыз: https://clck.su/UiUwd

- Фейсбукке https://www.facebook.com/groups/atamnyn.amanaty/ сілтемесі арқылы қосылыңыз:

- Біздің https://www.instagram.com/ata.amanaty/?hl=ru инстаграм парақшамызға жазылыңыз.